

Жергілікті маңызы бар "Ойыл" мемлекеттік табиғи қамалын құру туралы

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 10 наурыздағы № 96 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 12 наурызда № 6869 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Заңының 10-бабының 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Ақтөбе облысы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жерлерін алып қоймастан Ақтөбе облысының Ойыл ауданы аумағында жергілікті маңызы бар, жалпы алаңы 63 468 (алпыс үш мың төрт жүз алпыс сегіз) гектар "Ойыл" мемлекеттік табиғи қамалы (бұдан әрі – Қамал) құрылсын.

2. Қамал "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің "Ойыл орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағына берілсін.

3. "Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"*

О. Уразалин

*Қазақстан Республикасы
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрлігі Орман
шаруашылығы және жануарлар
дүниесі комитеті*